

COVID-19 және Дюшен және Беккер бұлшықет дистрофиясы

Бүкіләлемдік Дюшен ұйымы вебинарының (World Duchenne Organization, WDO) транскриптісі, 14 наурыз, сенбі - 4pm CET

Бұл вебинар ағымдағы Корона вирусының тарауы мен мұның Дюшен және Беккер бұлшықет дистрофиясының қауымдастығына қалай әсер ететіні бойынша клиницисттерге қойылатын сұрақтарды жеңілдету үшін құрылды. Біз жиі қойылатын сұрақтарды жинап, оларды топтастырдық. Содан кейін ДБД (Дюшен бұлшықет дистрофиясы) сарапшыларынан өздерінің пікірлерін беруді сұрадық.

Вебинарды Бүкіләлемдік Дюшен ұйымынан Элизабет Врум (Elizabeth Vroom, төраға) және Сьюзи-Энн Баккер (Suzie-Ann Bakker, байланыс үйлестірушісі) жүргізеді. Өз пікірлерін білдірген клиницисттер — проф. др. Эудженио Меркури (Prof. Dr. Eugenio Mercuri), проф. др. Франческо Мунтони (Prof. Dr. Francesco Muntoni), проф. др. Джонатан Файндер (Prof. Dr. Jonathan Finder) және проф. др. Натали Гоманс (Prof. Dr. Nathalie Goemans).

Емделуші ұйымдары вебинарды еркін түрде өздерінің ана тіліне аударып, материалдарды мүмкін болғанынша көбірек бөлісе алады. Мұның жалпы нұсқаулық екенін және көп нәрселердің сіздің еліңіздегі ағымдағы жағдайға байланысты екенін ескеріңіз. Қандай да бір күмән туындаса, өзіңіздің клиницистіңізбен хабарласыңыз. Тақырыптар бойынша белгілі бір қосымша ақпаратты алу үшін [мұнда вебинар жазбасын қарауыңызға](#) немесе бүкіл транскриптіні оқу үшін төменге қарай жүріп өтуіңізге болады.

Түйіндеме

COVID-19 инфекциясы жалпылай және ДБД/ББД ауруларына қатысты түрде

Клиницисттерге қойылатын сұрақтар және олардың жауаптары

Инфекция жұқтыру ықтималдылықтарын барынша азайту

Өзімнің иммундық жүйемді (баламның иммундық жүйесін) жақсарту

COVID-19 және жасанды желдету

COVID-19 және дәрі-дәрмектердің тапшылығы

COVID-19 індетінің ауруханаларға және ауруханаға барып-қайтуға тигізетін әсері?

Ықтималды емдер мен дәрі-дәрмектер

Вакциналар туралы не айтасыз?

Біз емделуші ұйымдары ретінде не істей аламыз?

Бүкіләлемдік Дюшен ұйымы ретінде біз не істей аламыз (World Duchenne Organization)?

Ниеттестігіңізді көрсетіңіз!

Түйіндеме

14 наурыз, сенбі күні алған ақпарат бойынша келесі ұсыныстар мен ескертпелерді жасай аламыз. Олар жалпы сипатқа ие және көп нәрсе сіздің еліңіздегі ағымдағы жағдайға байланысты. Қандай да бір күмәніңіз болса, өзіңіздің клиницистіңізбен хабарласыңыз.

Алдағы күндерде және апталарда деректер өзгеруі мүмкін болғандықтан, Бүкіләлемдік Дюшен ұйымы вебинарды апта сайын жаңартып, тікелей трансляция арқылы өзгерістерді хабарлап тұрады.

1. ДБД/БДД үшін COVID-19 бойынша әлі расталған ешбір жағдай жоқ.
2. Дюшен/Беккер бұлшықет дистрофиясы бар адамдарда вирусты жұқтырып алу ықтималдылығы жоғарырақ емес секілді.
3. Жасанды (инвазивті емес) желдету немесе жөтелуге көмектесетін аппаратты пайдалану вирусты жұқтырып алу ықтималдылығын арттырмайды.
4. Барлық адамдар (емделушілер мен күтім көрсетуші тұлғалар) үшін қолды сумен және сабынмен жуу маңызды. Беткейлерді, есік тұтқаларын және сенсорлық экрандарды тазалау да маңызды шара болып табылады.
5. Мүмкін болғанынша үйде ұзағырақ қалып, басқа адамдарды да солай істеуге ынталандырыңыз #Home4Duchenne #Home4Becker
6. Шұғыл болмаған ауруханаға бару қажеттіліктерін кейінге қалдырып, оның орнына телефон арқылы кеңес алыңыз.
7. Мектептері әлі ашық болған елдерде балаларды, сондай-ақ, тыныс алу ауыртпалықтары бар балаларды үйде (күнделікті) стероидтарда ұстау ұсынылады.
8. Стероидтарды Дюшенде берілген мөлшерде қолдану қандай да бір мәселе болып саналмайды. Стероидтарды қабылдауды тоқтатпаңыз, себебі бұл басынан бастап емделушіге үлкен қауіп төндіреді.
9. Дәрігеріңіз кеңес бермейінше дәрі қабылдау режиміңізді өзгертпеңіз. Бұл, сондай-ақ, АСЕ ингибиторларына да ұсынылады.
10. Тапшылық ықтималдылығына қарсы алдын ала қосымша бір немесе екі айға дәрі-дәрмектер қорына тапсырыс беріп қою дұрыс болар еді.
11. Жалпы, тыныс жеткіліксіздігі болған емделушілер көкжөтелден және пневмококктік инфекциялардан вакциналанған болуға тиіс. Алайда, бұл COVID-19 вирусын жұқтырып алудан қорғамайды.
12. Ешбір тағам өнімі немесе витамин ешбір вирустан қорғамайды деп айтылады. Балалар әдетте витаминдер мен минералдар алу үшін жемістер мен көкөністерді жеулері қажет.
13. Дюшен және Беккер емделушілері вирусты жұқтырып алса, оларға төнетін қауіп деңгейі жоғарырақ болады, себебі оларда вирустық пневмония туындауы мүмкін және осындай адамдарда пневмония әрқашан тыныс жетіспеушілігіне әкелетін қауіп болып табылады.
14. Жүрек ауруы қауіп факторы болып табылады, сондықтан жүрегі ауыратын Дюшен және Беккер емделушілері үшін елеулі шамада COVID-19 инфекциясының ықпалына түсу қаупі жоғарырақ.
15. Біз барлық адамдар үшін жалпылай қолданылатын және көмекшілер мен күтім көрсетушілер үшін өте маңызды болып табылатын сақтық сезімі мен гигиена ережелерін жеткілікті шамада басып айта алмаймыз

COVID-19 инфекциясы жалпылай және ДБД/ББД ауруларына қатысты түрде

Covid - сіз жөтелгенде немесе түшкіргенде ауамен жұғатын және майда тамшылар не ауадағы қатты бөлшектер арқылы таралатын вирус. Вирус қатты беткейлерде сағаттар бойы өмір сүре алады, сондықтан, осы аурудың симптомдары бар немесе оны тарататын адамды міндетті түрде көруіңіз қажет емес. Әсіресе, 60-тан асқан қарт кісілер және әлсіз адамдар қауіп ішінде.

11 наурыз, сәрсенбі күні Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ресми түрде бұл індетті пандемия деп жариялады, яғни ол бұл аурудың бүкіл әлемге әсер еткенін білдіреді. Бұл вирустың қалай басталғаны және вирустың әрі қарай таралуын басуға тырысқан кезде 1918 жылғы үлкен грипп пандемиясының бізге нені үйреткені туралы қосымша мәлімет алғыңыз келсе, [‘Coronavirus for non-virologists’](#) («Вирусолог болмағандарға арналған Коронавирус») деп аталатын Стенфорд вебинарын қатаң түрде ұсынамыз.

«ДБД/ББД бойынша коронавирус сарапшысы» секілді түсініктің әлі жоқ екенін аса маңыздылықпен баса айтқымыз келеді. Қытайда немесе Италияда ДБД/ББД-мен ауыратын адамдардың Коронавирус жұқтырып алу жағдайы туралы әлі естімедік. Сондықтан, бұл инфекцияның Дюшен және Беккер бұлшықет дистрофиясына қалай әсер ететінін білу қиын.

Біз ДБД сарапшыларынан кейбір негізгі тақырыптар бойынша өз ойларын білдіруді сұрадық. Олар нұсқаулық ретінде қабылданбауы керек; олардың жауаптары біздің қазір не білетінімізді көрсетеді. Әрбір елдің және кейде әрбір аурухананың әртүрлі саясаттары мен ережелері болады, оларды құрметтеуіміз және сақтауымыз керек.

Клиницисттерге қойылатын сұрақтар және олардың жауаптары

Өз пікірлерін білдірген клиницисттер:

- Проф. Др. Эудженио Меркури (Prof. Dr. Eugenio Mercuri), балалар неврологы
- Проф. Др. Франческо Мунтони (Prof. Dr. Francesco Muntoni), балалар неврологы
- Проф. Др. Натали Гоманс, балалар дәрігері, балалар неврологы
- Проф. Др. Джонатан Файндер (Prof. Dr. Jonathan Finder), балалар пульмонологы

Инфекция жұқтыру ықтималдылықтарын барынша азайту

Баламды мектептен шығарып алуым қажет пе? Егер жауап «иә» болса, қанша мерзімге? Мектепке оралуы қашан қауіпсіз болатынын қалай білемін?

Проф. Др. Эудженио Меркури

Балаңызды үйде ұстап-ұстамау қажеттілігі сіздің еліңіздегі жағдайға байланысты. Балалардың инфекциялану ықтималдылығы төменірек болғанға ұқсайды, небәрі 2-3 пайыз деп айтылады. Көптеген балалардағы симптомдар жиі кездері өте аз болатындықтан, олар жұқтырушы болуы мүмкін, сондықтан мектептерде ауруды жұқтыру қаупі жоғары. Оқшауланған жағдайларда бұл үлкен мәселе болып табылмайды, бірақ кейбір жағдайларда ел ішінде мектепке бармау вирустың жайылуын азайтуы мүмкін. Ережелердің ешбірін жалпылай қолдану мүмкін емес, олар жеке тұлғаға және ол тұратын елге қарай бейімделуі керек.

Проф. Др. Франческо Мунтони

Жалпы, балаларда вирусты жұқтырып алу ықтималдылығы өте өте төмен, алайда бұл мүлдем жоқ дегенді білдірмейді. Парадоксалды түрде олардың әжелері мен аталарына төнетін қауіп деңгейі жоғарырақ. Балаңызды үйде ұстап-ұстамау қажеттілігі елге және қисық сызық бойынша ол елдің қайда орналасқанына байланысты. Егер сіздің балаңызға тікелей қауіп төнбесе, оларды мектептен алшақтатуды ұсынбас едім. Әрине, бұл жағдай Коронавирустың таралу деңгейі ұлғайған кезде өзгереді. Балаларыңызды ата-әжелерінен алшақ ұстаған дұрыс.

Проф. Др. Джонатан Файндер

Өз басым, солай істеуіңіз қажет деп ойлаймын. Дәл қазір, вирустың бұлшықетке әсер етіп-етпейтіні туралы көп нәрсе білмейміз, бірақ егер тұмаудың біздің балаларымызға қалай зиян тигізіп, бұлшықет функциясының істемей қалуына және пневмонияға әкеле алатынын ескерсек, мен барлық ықтималдардан аулақ болуға тырысар едім. АҚШ-та мектептер жабылуда.

Проф. Др. Натали Гоманс

Дүние жүзі бойынша балалар ересектер мен қарт кісілерге қарағанда бұл инфекцияны азырақ жұқтырғанға ұқсайды, алайда, қауіпсіздік мақсаттарында, Бельгияда біз аптаның басында тыныс жетіспеушілігімен бірге жүйке-бұлшықет ауруларына шалдыққан барлық емделушілерге және стероид қабылдайтын ДБД балаларына мектепке бармай, үйде отыруға кеңес бердік. Кеше, мұндай ереже барлық мектеп оқушылары мен студенттер үшін біздің

федералды агенттігімізден келді, бұл біз үшін жеңілдік болып табылады. Қосымша шаралар жеке тұлғалар үшін олардың осалдығы мен тәуекел профилін, олардың ортасын ескере отырып, қабылдануы керек.

Ұшақ ішінде болу вирусты жұқтырып алу қаупін арттырады ма?

Проф. Др. Джонатан Файндер

Сөзсіз, ұшақта болу секілді адамдардың бір-біріне орналасу жағдайы қауіпті арттырады. Демалыстан бас тартуым қажет пе? Иә, бірақ мамырда немесе маусымда қалыпты жағдайға ораламыз деген үміттемін. Бірақ мұның қанша уақытқа созылатыны белгісіз.

Проф. Др. Натали Гоманс

Жеке басқа төнетін қауіп деңгейін шектеу және індеттің таралуын азайту үшін барлық демалыс сапарларынан уақытша бас тартқан дұрыс. Қауіп төндіретін ұшақтағы ауа ғана емес, ол сүзгіден өтіп тұрады, өзге іс-шараларда, концерт залдарында секілді адамдардың ұзақ уақыт бойы бір-біріне жақын орналасуы, басқа біреу ұстаған есік тұтқаларын ұстауы, бір әжетхананы пайдалануы да қауіп төндіреді. Алайда, қанша созылатынын ешкім айта алмайды, бұл халық арасындағы инфекциялануды көрсететін және елден елге түрленетін қисық сызыққа байланысты.

Егер ресурстар (қол гельдері, бетперделер, пневмовакс вакциналары) шектеулі болса, нұсқауларды қалай орындауға болады?

Проф. Др. Эудженио Меркури

Әрине, қолды жуу және беткейлерді тазалау қажет. Су мен сабынның құны айтарлықтай жоғары емес және олар ең тиімдісі болып табылады. Қолды жуу инфекцияға қарсы күрестің ең тиімді жолы. Вируспен ластануды болдырмай, беткейлерді сүртіп жүріңіз.

Проф. Др. Джонатан Файндер

Балаларыңызды қорғаудың ең жақсы жолы — адам көп болған жерлерге бармау және қолыңызды сумен және сабынмен жақсылап жуу.

Проф. Др. Натали Гоманс

Біз барлық адамдар үшін жалпылай қолданылатын және көмекшілер мен күтім көрсетушілер үшін өте маңызды болып табылатын сақтық сезімі мен гигиена ережелерін жеткілікті шамада басып айта алмаймыз

Элизабет Врум

Қолыңызды жиі жуып жүрумен қатар беткейлерді, есік тұтқаларын және сенсорлық экранды тұрақты түрде тазалау қажет.

Өзімнің иммундық жүйемді (баламның иммундық жүйесін) жақсарту

Пробиотиктер мен Д және С витаминдері секілді тағамдық қоспалар көмектеседі ме?

Проф. Др. Эудженио Меркури

Дұрыс тамақтану және витаминдер мен минералдар жалпы шарттарда көмектеседі. Ешбір витамин ешбір вирустан қорғамайды деп айтылады. Балалар витамин алу үшін жемістер мен көкөністерді жеп тұрулары қажет.

Проф. Др. Джонатан Файндер

Өкінішке орай, жоқ. Интернетте көрген барлық мағынасыз жарнамаларға қарамастан, Иммундық жүйені нығайтуға арналған ешқандай супер тағам немесе витамин жоқ.

Проф. Др. Натали Гоманс

Витаминдер мен т.б. көмегімен «иммундық жүйені нығайту» секілді ешбір ғылыми дәлел жоқ, бірақ сонда да, сақтық сезімі, қоғамдық оқшаулану, науқас адамдармен контактіні болдырмау және қол жуу, қол жуу және тағы да қол жуу.. көбірек әсер етеді (ескертпе: қолыңызды сумен және сабынмен жақсылап жуу зарарсыздандыру құралдарынан жақсырақ, зарарсыздандыру құралдарының құрамындағы спирт көлемі кемінде $> 70^\circ$ болуға тиіс, ал бұл көптеген зарарсыздандыру құралдары үшін қолданылмайды, сондықтан жалған қауіпсіздік сезімін береді)

ДБД/ББД емделушілері инфекцияланған кезде, олардың сауығып кетуі көбірек уақыт алады ма?

Проф. Др. Франческо Мунтони

Ауырған кезде ДБД емделушілерінде жалпы халықтан ерекшеленбейтін ауыр ауру пайда болады.

Проф. Др. Джонатан Файндер

Бізге бұл туралы ақпарат жоқ. Стероидтар қолданылады деп болжасақ, аурумен күресу қиынға соғуы мүмкін, өйткені стероидтер аздап иммуносупрессант болып табылады. Бұл, стероидтарды қабылдауды тоқтату қажет дегенді БЛДІРМЕЙДІ: СТЕРОИДТАРДЫ ҚАБЫЛДАУДЫ ТОҚТАТПАҢЫЗ, себебі бұл қауіпті болып табылады және COVID-19 індетінің ықтималды қауіптерінен қауіптірек.

Проф. Др. Натали Гоманс

Иә, COVID-19 індетінің ауыр жағдайы өкпенің біржола зақымдалуына себеп бола алатыны белгілі. Жағымды жағдай: стероидтар иммундық жүйені төмендететіні белгілі болса да, COVID 19 індетінде ауыр ARDS патофизиологиясында (цитокин дауылы) қорғаныс рөліне ие болуы мүмкін. Бірақ біз әлі білмейміз

Стероидтардың қолданылуы иммундық жүйеге қалай әсер етуі мүмкін? Стероидтар қолданысын тоқтатуымыз қажет пе?

Проф. Др. Франческо Мунтони

Тәуекел артықшылығы күнделікті іс-әрекеттерімізде не істеуіміз қажет екенін анықтайды. Стероидтар қолданысын тоқтату зиянды, себебі оларды кенеттен тоқтау мүмкін емес. Стероидтарды кенеттен тоқтатсаңыз, мәселелер орын алады. Егер азайту кезінде және стероидтарды тоқтатқаннан кейін бірнеше ай бойы бала ауырып қалса, олардың вирусты жеңіп шығу ықтималдылығы төмен болады, сондықтан мөлшерлемені арттыруы қажет болуы мүмкін.

Проф. Др. Эудженио Меркури

Стероидтар иммундық жауапқа аздап қана, әсіресе сәйкесінше төменірек мөлшерлемеде қабылдайтын үлкенірек балаларға әсер етеді. Біз бәріміз стероидтарды қабылдауды тоқтатпауға келісеміз. Тәжірибе жүзінде өте жас балаларға сирегірек әсер етеді деп айта аламыз, солайша негізінен үлкенірек балалармен айналысамыз. Алайда, жасөспірім жасына немесе 20 жастарына келген кезде олар анағұрлым төменірек болған мөлшерлеме қабылдайды, солайша елеулі шамада иммундық жүйенің басылу қаупі азырақ болады.

Проф. Др. Джонатан Файндер

Стероидтар жеңіл иммунобасқыштар болып табылады және лимфоциттердің белсенділігін азайтады, бұлар — вирустарға қарсы күресуге көмектесетін жасушалар.

ДБД/ББД емделушілерінде вирус жұқтырып алу қаупі жоғарырақ болады ма?

Проф. Др. Эудженио Меркури

Әдетте, Дюшенмен ауыратын адамдар қыста сыртқа көп шықпайды немесе халық көп жиналатын жерлерге бармайды, сондықтан вирус онша тарала қоймайды. Қытайдан немесе Италиядан вирустың мүгедек балаға өзгеше әсер ететіні туралы ешқандай дәлел жоқ. Біздің ауруханамыз өзге мүгедектілік топтарын бақылауда және мүгедек болған немесе жасанды желдетуде болған балалардың немесе жасөспірімдердің қайсына вирус көбірек ықпал ететіні туралы ешбір дәлел жоқ. Егер сіз гигиена ережелерін сақтасаңыз және халық көп жиналатын жерлерге бармасаңыз, инфекция жұқтыру қаупі төменірек болады.

Проф. Др. Джонатан Файндер

Жоқ, олардың вирус жұқтырып алу қаупінің төмен болуы есік тұтқаларын ұстамауымен, қол алыспауымен және сол сияқты нәрселерді істемеуімен түсіндіріледі. Мектепте болғандар немесе жәй ғана сыртта жүргендер респираторлық тамшылар арқылы осындай қауіпке ұшырайды.

ДБД/ББД емделушілері жоғары тәуекелділік тобына немесе осал топқа жатады ма және олардың өлу ықтималдылығы жоғарырақ па?

Проф. Др. Джонатан Файндер

Оларға төнетін қауіп деңгейі жоғарырақ, себебі бұл ауру вирустық пневмонияны тудырады және пневмонияның болуы осындай адамдарда респираторлық жетіспеушілікке әкелуі мүмкін. Дегенмен, «өлім қаупі жоғарырақ» дегенге келетін болсақ, мен ЖОҚ дер едім, себебі бұл емделушілер жасырақ болады және көптеген жағдайларда оларда негізгі өкпе ауруы болмайды. Созылмалы өкпе аурулары болғандар қарттармен бірге ең жоғарғы тәуекел тобына кіреді. Екінші жағынан, жүрек ауруы да қауіп факторы болып табылады және ДБД емделушілерінде көптеген жүрек аурулары бар. Солайша, жүрегі ауыратын емделушілерге COVID-19 инфекциясының жұғу қаупі туралы алаңдаушылықтарым бар.

АСЕ ингибиторлары ықтималды қауіп факторы болып табылады ма? Оларды қабылдауды тоқтатуымыз қажет пе?

Проф. Др. Джонатан Файндер

Осы тақырып бойынша қосымша мәлімет алу үшін төменді қараңыз (қысқа жауабы: нақты жауап беруге мүмкіндік беретін ақпарат жоқ), бірақ ешкім қабылдауды ТОҚТАТПАУЫ керек.

АСЕ ИНГИБИТОРЛАРЫ МЕН АНГИОТЕНЗИЯ РЕЦЕПТОРЫНЫҢ БЛОКАТОРЛАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ГИПЕРТОНИЯ БОЙЫНША ESC КЕҢЕСІНІҢ



Қытайдан алынған бастапқы есептемелер мен ауруханаға түскен COVID-19 емделушілерінде күретамырлы қысымның көтерілуінің ұлғайған өлім қаупімен байланысты болуы мүмкін екенін көрсететін кейінгі дәлелдер негізінде АСЕ ингибиторларының (АСЕ-і) немесе Ангиотенсин рецепторлары блокаторының (АРБс) ықтималды жағымсыз әсерлерін болжауға мүмкіндік беретін гипотездер ұсынылды. Әсіресе әлеуметтік желі сайттарында, осы жалпылай қолданылатын препараттардың инфекциялану қаупі де, SARS-CoV2 ауыртпалығын да ұлғайтуы мүмкін екені айтылды. Бұл алаңдаушылық SARS ауруына себеп болатын коронавирус секілді COVID-19 вирусы жасушаларды инфекциялау үшін ACE2 деп аталатын белгілі бір энзимдермен байланысады, ал ACE2 деңгейлері АСЕ-І және АРБс емінен кейін ұлғаяды деген бақылаудан туындауда.

Әлеуметтік желіге қатысты күшейту себебінен, өздерінің жоғары қан қысымын емдеу үшін осы дәрі-дәрмектерді қабылдайтын емделушілер мен олардың дәрігерлерінің алаңдаушылықтары айтарлықтай артқан, және кейбір жағдайларда АСЕ-І немесе АРБ препараттарын алу тоқтатылған. COVID-19 бойынша АСЕ-і немесе АРБ емінің қауіпсіздігі туралы осындай болжамның сенімді ғылыми негізі немесе оны растайтын дәлелі жоқ. Шын мәнінде, осы дәрі-дәрмектердің COVID-19 инфекциясын жұқтырған емделушілерді елеулі өкпе асқыншылықтарынан қорғауы мүмкін екенін алға тартатын зерттеу дәлелі бар, бірақ осы күнге дейін адамдарда ол туралы ешбір дерек жоқ.

Еуропалық Кардиологиялық қауымдастықтың Гипертония кеңесі (Council on Hypertension of the European Society of Cardiology) пандемиялық COVID-19 індетінің мәнмәтінінде АСЕ-І және АРБ препараттарының зиянды әсерлерін растайтын ешбір дәлелдің жоқ екенін ерекше атап өткісі келеді»

Гипертония кеңесі дәрігерлер мен емделушілерге емді әдеттегі гипертонияға қарсы терапияның көмегімен жалғастыруды ұсынады, себебі АСЕі немесе АРБ препараттарымен өңдеуді COVID-19 инфекциясы себебінен тоқтату керек деген ешбір клиникалық немесе ғылыми дәлел жоқ.

Проф. Джованни де Симоне (Prof. Giovanni de Simone,
Төраға, Гипертония жөніндегі ESC кеңесі
Негізгі мүшелердің атынан

COVID-19 және жасанды желдету

Балама қажет болмаса да, жөтелуге көмектесу құралын алуым қажет пе?

Проф. Др. Джонатан Файндер

COVID-19 вирустық пневмонияға жол ашады, солайша тазалауды қажет ететін секрециялар секілді көп өндімейді. Жалпы алғанда, егер сізге Жөтелуге көмектесу құрылғысы қажет болмаса, ол сізге көмектеспейді. Егер балаңыз аздап жөтеледі деп ойласаңыз, барлық әдістер арқылы біреуін алыңыз, екінші мәрте бактериялық пневмонияға шалдығу қаупі бар. Вирустық

пневмонияның болуы өкпенің қатайып, үрленуін қиындатады, сондықтан әлсіз диафрагмасы бар адам тыныс алу жеткіліксіздігінің өршу қаупіне ұшырайды.

Проф. Др. Франческо Мунтони

Егер қандай да бір елеулі мәселеңіз болса, жөтелуге көмектесу құрылғысы көмектесе алмауы мүмкін. COVID — сұйықтық жиналатын пневмонияның өзгеше түрі. Бұл — құрғақ жөтел. Жөтелуге көмектесу құрылғысы егер адамдарда қосымша бактериялық пневмония болса ғана көмектесуі мүмкін.

Жасанды желдетудегі емделушілердің вирусты жұқтырып алу қаупі төменірек пе?

Проф. Др. Джонатан Файндер

Бұның мәні бар және ол дәл солай болуы мүмкін. Бірақ қолдың зарарсыздандыруы әлі де маңызды болып табылады. Өзімен өзі тамақтана алмайтындар, мысалы, күтім көрсетушінің қолдарынан вирус жұқтырып алу қаупіне ұшырайды.

Инвазивті емес жасанды желдеткіштерде бактерия сүзгілері қаншалықты тиімді?

Проф. Др. Джонатан Файндер

Олар респираторлық тамшылар үшін жарайды.

Пульмонологтар УЗ Левен (UZ Leuven)

Инвазивті желдету «жабық» жүйе емес, әйтпесе қан айналымында гиперкапниямен қайта тыныс алу орын алар еді. Желдеткіш қоршаған орта ауасын қолданады. Инвазивті емес желдеткіште бактерияларды сүзгілеу вирустар үшін тиімді емес, өйткені вирустар әлдеқайда кішірек.

Коронавирус өкпені қалай ұзақ мерзімге зақымдайды?

Проф. Др. Джонатан Файндер

Бұл жаңа вирус болғандықтан, ұзақ мерзімді қадағалау процедуралары туралы ешбір ақпарат жоқ. Бірақ осыған ұқсас вирустар бойынша басқа тәжірибеміздің негізінде бұл мүмкін емес секілді.

COVID-19 және дәрі-дәрмектердің тапшылығы

COVID-19 себебінен дәрі-дәрмек тапшылығы орын алуы мүмкін бе?

Проф. Др. Франческо Мунтони

Дәріханалар дәрі-дәрмек қорын алуда қиындықтарға тап болуы мүмкін, сондықтан дәрі-дәрмектерді алдын ала сатып алып, жинап қоюыңызды ұсынамыз. Сіз стероидтердің стресс дозаларын білуіңіз болуыңыз керек.

Проф. Др. Джонатан Файндер

ДБД емделушілері қолданатын дәрі-дәрмек түрлерінің жетіспеуі екіталай, бірақ дәл болжау мүмкін емес. Қосымша тағы бір ай үшін алдын ала дәрі-дәрмектер алып қою жақсы жоспар деп ойлаймын: кез келген адам карантинге түсіп қалып, үйден шыға алмай қалуы мүмкін.

Проф. Др. Натали Гоманс

Мен ықтималды дәрі-дәрмектер тапшылығы туралы ешнәрсе айта алмаймын, бірақ бұл да елден елге түрленеді, алайда маскалардың тапшылығы Бельгияда бір мәселеге айналған, сондықтан осы маскалардың қолданысы бойынша қатаң заңдарымыз бар.

COVID-19 індетінің ауруханаларға және ауруханаға барып-қайтуға тигізетін әсері?

Дәрігерлердің Дюшен ауруына шалдыққан емделушілерді емдеуден бас тартуы мүмкін бе?

Проф. Др. Джонатан Файндер

Емделушілерді емдеуді таңдау саясаты бар болған кезде дәрігерлердің Дюшен ауруына шалдыққан емделушілерді емдеуден бас тартуы екіталай секілді. Бірақ, сонымен бірге, мен COVID-19 індеті бойынша жоғары шамада күдікті болмаған ешкімді немесе тыныс алуда қиналмаған емделушіні ауруханаға алып бармас едім.

Қалыпты қабылдаудан/тексерілу үшін орындалатын дәрігер қабылдауынан бас тартуға болады ма?

Проф. Др. Франческо Мунтони

Егер сіздің еліңіз аурудың таралуының ерте кезеңінде болса, ауруханаға ертерек бару пайдалы болуы мүмкін, өйткені қазір ауруханаларда бос орын бар. Біз сізге ауруханаға баруды кейінге қалдырып, телефон арқылы кеңес алуға көшуді ұсынамыз. Егер жағдай күрт және критикалық болса, баруыңыз керек. Инфекция қаупі төнген кезде Ауруханаларда үлкен мәселе туындамауы мүмкін, бірақ ол ауруханаға жету проблема туындауы мүмкін (қоғамдық көліктерде қауіп жоғары болғандықтан). Тыныс жетіспеушілігі немесе жүрек жеткіліксіздігі бар жас ересектерде елеулі қауіп ықтималдылығы жоғарырақ.

Проф. Др. Джонатан Файндер

Егер қандай да бір басқа алаңдаушылықтарыңыз болса, инфекциялану қаупін болдырмау үшін таңдалмалы қабылдауларды қайта жоспарлайың едім.

Проф. Др. Натали Гоманс

Алдағы апталарда шұғыл болмаған дәрігерлік қабылдауларды кейінге қалдырған жөн болады.

Ықтималды емдер мен дәрі-дәрмектер

Біз қабылдауға болатын дәрі-дәрмектер бар ма немесе АСЕ ингибиторларын қолдану пациенттерге қосымша қорғаныс ұсына алады?

Проф. Др. Эудженио Меркури

Біз, бәріміз АСЕ ингибиторлары жағдайында ешнәрсені өзгертпеуге келісеміз. Италияндық Гипертония қауымдастығы тарапынан жазылған жазбаша хат бар, онда АСЕ ингибиторларын тоқтатуға ешбір дәлел берілмеген. Қандай да бір нәрсенің ДБД ауруына шалдыққан адамдарға пайдалы екенін біле тұра, оны тоқтатпаңыз. Егер қандай да бір елеулі мәселе орын алса, міндетті түрде бізден естисіз.

Проф. Др. Джонатан Файндер

Жоқ, тек егер ауырып қалмасаңыз немесе қосымша (стресс мөлшерлемесінде) стероидтар қажет болмаса ғана, бірақ бұл сіздің дәрігеріңіздің кеңесі бойынша болады. Қандай да бір түйіндемеге келу үшін бізде АСЕ2 рецепторы мен АСЕ ингибиторларының арасындағы ықтималды қарым-қатынас туралы тым аз ақпарат бар. АСЕ ингибиторларының коронавирус инфекциясын нашарлататыны (немесе нашарлатуға көмектесетіні) туралы әлі ешбір дәлел жоқ.

Проф. Др. Натали Гоманс

Әрине, АСЕ ингибиторлары мен стероидтар сияқты дәрі-дәрмектерді өзгертуге ешқандай себеп жоқ

Көкжөтел және басқа вакциналар туралы не айтуға болады?

Проф. Др. Джонатан Файндер

Бұл оған қатысты болмаған инфекция; Бұл вакцина кез-келген адамға пайда әкеледі немесе кез-келген адамды COVID-19 жұқпасынан қорғайды деп сенуге ешбір себебім жоқ.

Вакциналар туралы не айтасыз?

Пневмококкқа қарсы екпе алу маңызды ма?

Проф. Др. Франческо Мунтони

Барлық екпелерді алу өте маңызды, өйткені сіз бір уақытта COVID-19 және басқа вирусқа шалдыққыңыз келмейтіні сөзсіз. Көкжөтелге қарсы екпе алу міндетті емес, бірақ денсаулығыңызды сақтау үшін барлық екпелерді алу ұсынылады.

Проф. Др. Джонатан Файндер

Жалпы алғанда, бұл ұсынылады, бірақ дәл осы сценарийде ол COVID-19 індетінен қорғанысты қамтамасыз етпейді және екпе алу үшін медициналық мекемеге бару қазіргі уақытта инфекцияның жұғу қаупін арттырады.

Проф. Др. Натали Гоманс

Бұл індетті жұқтырмау барлық адамдардың жауапкершілігі, сондықтан барлығымыз контактілерімізді уақытша шектеп, үйде болуымыз керек, мүмкіндігінше қатаң гигиенаны ұстануымыз керек.

Біз емделуші ұйымдары ретінде не істей аламыз?

- Қауымдастығыңызда жалған ақпараттың таралуын болдырмаңыз
- Осы вебинарды және есептемені өз жанұяңызбен және клиницисттермен бөлісіңіз
- Өзіңіз ала алатын ең жақсы ақпаратты таратыңыз
- Жергілікті органдарды құрметтеп, нұсқаулықтарды орындаңыз
- Бүкіләлемдік Дюшен ұйымының вебинарын немесе оған сәйкесірек келетін сұрақтарды қадағалаңыз

Бүкіләлемдік Дюшен ұйымы ретінде біз не істей аламыз (World Duchenne Organization)?

- Жазба жуырда таралу үшін қолжетімді болады
- Есептемені аударып, өз жанұяларыңызбен және клиницисттермен бөлісіңіз
- Бүкіләлемдік Дюшен ұйымының тікелей трансляциясы: [COVID-19 және Дюшен/Беккер](#)
- Қауымдастыққа жаңа ақпарат беріп тұру үшін апта сайын вебинарды қарап жүріңіз (келесі күн: 21 наурыз, 4pm CET)
- Біз қолымыздан келгенінше барлығына қолдау көрсетуге тырысамыз!

Ниеттестігіңізді көрсетіңіз!

Медициналық және клиникалық ақпаратпен қамтамасыз ету осы қиын-қыстау заманда өте қажет. Бұған қоса, біз қоғамды да ойлауымыз керек. Өз күшімізді көрсетейік. Сол себептен, біз барлығымен байланысу үшін әлеуметтік науқан құрдық. Кейбір елдерде үйде болу міндетті (Италия, Испания). Біздің балалар үшін үйде болу маңызды. Азаматтық қоғамды жұмылдырып, оларға сирек кездесетін және елеулі болып табылатын аурулары бар адамдар үшін ең жақсы тәжірибелердің маңыздылығы туралы хабарлаңыз.

Бірге болып, осылай желіге қосылыңыз. Осы ақпаратты өз отбасыңызбен бөлісіңіз және фотосуреттерді бөлісу үшін мыналармен бөлісіңіз: [#Home4Duchenne](#) немесе [#Home4Becker](#). Орындалғаннан кейін, салынған барлық үлестерден бейне құрылады.